



Ақсу өңірі

Газет 1934 жылғы
1 қазаннан шығады

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

№9 (10 264)

7 наурыз

жұма

2025 жыл

aksuoniri@mail.ru

8 наурыз - Халықаралық Әйелдер күні!

Әйел - ана, Әйел - өмір бастауы

АУДАН ӘКІМІ ТЫНЫШБАЕВ БЕРІК ТЫНЫШБАЙҰЛЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ



Ардақты Аналар, аяулы Арулар! Сіздерді ару көктемнің айшықты мерекесі - 8 наурыз - Халықаралық Әйелдер күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Көктемнің шуақты сәті әйел - аналарымыз бен аруларымыз-

дан бастау алады. Ізгі ниет пен сұлулыққа, сырбаз сезім мен сыйластыққа толы осы күн жан - дүниені жадыратып, жүректерге жылу береді. Әйел бақыты - жар сую, ана болу, елге тұтқа, ұрпаққа пана болу деген сөз.

Әйел - ана, әйел - өмір бастауы, әйел - бірлік пен тірліктің, ізгілік пен мейірімділіктің ұйытқысы, отбасының шуағы.

Бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербеген Аналар қауымы ел ертеңіне нәр, тіршілікке әр беретін айырықша күшке ие.

Өйткені, қыздарымыздың қылықты, ұлдарымыздың ұлықты болып өсуі әйел-аналарымыздың тәлім-тәрбиесіне тікелей байланысты.

Сіздерді мерекелеріңізбен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға бақ пен береке, еңбектеріңізге табыс тілеймін.

Өрдайым жадырап, гүлдей құлпырып жүре бергейсіздер!

Ардақты Аналар, аяулы жар, әпке - қарындастар! Сіздерді көктемнің алғашқы мерекесі 8 наурыз - Халықаралық Әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын. Бұл мейрам қашанда әрқайсымыздың жүрегімізге жылу шашып көңілімізді нұрға бөлейді. Өйткені, бұл мерекеде аналардың жан шуағы, мөлдір мейірімі жатыр. Бүгінгі күні әйелдер тәуелсіз еліміздің толыққанды мүшесі бола отырып, қоғамымыздың экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани салаларында болып жатқан күрделі өзгерістерге белсенді түрде атсалысып, өз үлестерін қосуда. Елімізде руха-

Көңілге шуақ құяр мереке

ни келісім, ұлтаралық татулық пен тұрақтылықтың жүзеге асуына да еңбек сіңірудесіздер. Әрбір шаңырақтың отын мазда-тып, береке мен бірліктің тірегі, Отанымыздың келешегі - жас ұрпақ тәрбиелеуге жаннұң жылуы мен жүрегінің қызуын, бойындағы қайрат - жігерін сарқа жұмсап жүрген әйелдер қауымы қашанда нәзік жандылығын, тартымдылығын, елгезектігін жоғалтқан емес.

Міне, осы үшін де Сіздерге бас иеміз. Көңілге шуақ құяр осы-



Бейбіт СҮЛЕЙМЕНОВ, аудандық Мәслихат төрағасы.

Әлемнің әдемілігі,

шаңырақтың шуағы - Әйелде!

Қымбатты ханымдар, аяулы Аналар! Сіздерді "АМАНАТ" партиясы Ақсу аудандық филиалының және аудандық Аналар кеңесі атынан Халықаралық Әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын. Осы бір тамаша көктем мерекесі әйелге тән әдемілік пен нәзіктіктің мәңгі белгісі сияқты. Біздің қазіргі қоғамымызда әйел тек отбасының береке - бірлігін ойлайтын тұлға ғана емес, ол мемлекеттің өмірге және саяси мәселелерге белсене араласатын қоғам мүшесі. Сондықтан біздің елімізде әйел адамның әлеуметтік қорғалуына, олардың өмір сүру деңгейін арттыруға айырықша маңыз беріледі.

Сіздердің атыңызға айтылатын ақ алғыстар мен жылы сөздер еш уақытта толастама-сын. Көктемнің басымен келетін мерекелік көңіл-күй Сіздердің сергектітеріңіз бен күш - жігерлеріңіздің қуат көзіне айналсын. Сіздерге және отбасыларыңызға әрқашан бақыт және сәттіліктер ұяласын! Жер - дүниенің жаңаруын, оның сәні мен мәнін паш етіп келе жатқан тамаша көктемнің мерекесі қарсаңында Сіздерге және отбасыларыңызға мол береке, бақыт, шаттық, мызғымас денсаулық, болашаққа зор сенім, көтеріңкі көңіл - күй тілеймін. Жылдан жылға табиғаттың тамаша мерзімі - көктемдей құлпырып, жасара беріңіздер!

Алма ҚҰРМАНҒАЛИЕВА, "АМАНАТ" партиясы Ақсу аудандық филиалының төрайымы.

Жетісу облысында тұңғыш рет көшпелі оңалту жобасы қолға алынды

Жетісу облысында тұңғыш рет әлеуметтік маңызы бар жоба - мүгедек жандардың үйінде көшпелі оңалту шараларын жүргізу қолға алынды.

Аталған жоба «Асар» мүгедектерге арналған спорттық - оңалту орталығының базасында облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының қолдауымен ұйымдастырылды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

«Асар» орталығының директоры Елдос Баялышбаевтың айтуынша, бұл жоба орталыққа өздігінен келе алмайтындар үшін аса пайдалы.

- Біз жұмыс барысында мүгедектігі бар адамдардың көпшілігіне оңалту орталығына келудің қиындық туғызатынын байқадық.

Күндізгі уақытта кейбіреулер жұмыста болса, кейбіріне үйлерінен орталыққа жету оңай емес. Сондықтан біз осы көшпелі оңалту жобасын қолға алдық. Біздің бұл маңызды бастамамызға облыс басшылығы қолдау білдірді, - деді Елдос Баялышбаев.

Жалпы бағдарламада пациенттердің екі тобы қамтылуда. Атап айтқанда, күндізгі шаралар өздігінен қозғала алмайтын азаматтарға бағытталып отыр.

Ал, сағат 21-ден 23-ке дейін түнгі топ жұмыс істейді. Бұл уақыт аралығында күндіз жұмыста болатындықтан орталыққа келе алмайтын

мүгедек азаматтарға ем шаралары жүргізіледі.

Жобаның ерекшелігі сол, мамандар пациенттердің үйіне барып, оларға сауықтыру массажы мен емдік дене шынықтыруын жасатады.

Әр сеанс шамамен бір сағатты алады, әр пациентпен жеке жұмыс жүргізіледі. Көшпелі бригада құрамында массажист, емдік дене шынықтыру нұсқаушысы мен жүргізуші бар. Бұл ретте мамандардың жұмысына қолайлы жағдай жасау үшін арнайы таңбаланған автокөлік сатып алынған.

Талдықорғандық отбасылар көшпелі оңалту шараларының игілігін алғашқылардың бірі болып көрді.

- Зайыбым Анар 11 жыл бұрын инсульт алды. Үшінші қабатта тұрамыз, арнайы көтергіш жоқ болғандықтан, сыртқа шығу, оңалту орталығына бару бізге қиындық туғызады. Қазір үйімізге келіп, оңалту қызметін көрсетіп жатыр.

Бұл бізге өте қолайлы. Мамандардың тиісті ем шараларын жасап жатқанына он күндей болды. Осы бастамамыз іске асырып жатқан азаматтарға алғыс айтамыз, - деді А.Басшығұлованың жұбайы Қанат Қосуханов.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ермек Мизамбаевтың айтуынша, бұл жоба - тең мүмкіндіктер қоғамын қалыптастыруға жасалған игі шараның бірі. Жыл соңына дейін осындай қызмет түрімен 200-ден астам адамды қамту

жоспарланған.

Алдағы уақытта көшпелі оңалту тобы облыс орталығы маңындағы аудандарға да шықпақшы.

Бұл жобаны жүзеге асыруға жергілікті бюджеттен 30 млн. теңге бөлінген. Бұл қаражат жобаға тартылған мамандарға, яғни, көлік жүргізуші, емдік дене шынықтыру нұсқаушысы мен массажист маманның жалақысына жұмсалады.

Жалпы Жетісу облысында мүгедек жандар үшін ғимараттарды и н ф р а қ ұ р ы л ы м е н қамтамасыз ету 69% құрап отыр. Бұл - республика бойынша бұл ең жоғарғы көрсеткіш.

Биыл мемлекеттік және жекеменшік мекемелердің шамамен 195 нысанын бейімдеу жоспарда бар. Облыс көлемінде қазір инвентаци саны 32-ге жетті.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Жетісу облысында "ТАЗА ҚАЗАҚСТАН" бағдарламасы аясында "ЫСТЫҚ ҰЯ" экологиялық акциясы өтті

"Таза Қазақстан" республикалық экологиялық бағдарламасы аясында Жетісу облысында "Ыстық ұя" экологиялық акциясы өтті.

Акцияның мақсаты - тұмса табиғатты қорғау мен экологиялық тепе - теңдікті сақтаудың маңыздылығына халықтың назарын аудару, сондай-ақ, жергілікті құстарға қолайлы орта жасау.

Іс-шара барысында қатысушылар ұя жасап, оларды жасыл аймақтарда, саябақтарда және құстардың ұя салуына қолайсыз жерлерге орнатты.

Акция аясында білім беру дәрістері мен шеберлік сыныптары өткізіліп, ол халықтың, әсіресе, жастардың, экожүйені қорғау мен құстардың маңыздылығы туралы экологиялық сауаттылығын арттыруға бағытталды.

"Таза Қазақстан" жобасы аясында елімізде экологиялық мәдениетті дамыту, қоршаған ортаны қорғау және табиғат тазалығын сақтау идеяларын насихаттау жалғастырылуда. "Ыстық ұя" экологиялық акциясы аймақта тұмса табиғатты қорғау мәселелерін шешуде маңызды қадам болып отыр.

"Ыстық ұя" экологиялық акциясы аймақтың биологиялық алуан түрлілігін қолдауға, әрі сақтауға маңызды үлес қосуда.

"Мейірімді Жетісу" волонтерлік



фронт - офисінің жетекшісі Шырай Саматқызы: «Біз, жастар, «Ыстық ұя» акциясы экожүйені сақтау мәселесі жөнінде халықтың қызығушылығын арттырып қана қоймай, азаматтардың табиғатқа деген жауапкершілігін қалыптастыруға көмектеседі деп үміттенеміз. Мұндай шаралар еліміздің басқа облыстарына үлгі болып, табиғатқа саналы көзқарас қалыптастыруға, экологиялық тепе - теңдікті сақтауға ықпал етеді».

Жалпы Жетісу облысы бойынша "Таза Қазақстан" республикалық экологиялық бағдарламасы аясында жыл басынан 740 жастың қатысуымен 200-ге жуық акциялар ұйымдастырылды.

Облыстық қоғамдық даму басқармасының мәліметі бойынша дайындалды.

БАСПАСӨЗ - 2025

АҚСУ ӨНІРІ

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИНЕ
2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық "ҚАЗПОШТА" байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар.

"АҚСУ ӨНІРІ" газетіне 1 жылдық жазылу бағасы - 4415 теңге, 20 тиын және жарты жылға - 2207 теңге 60 тиын.

Газет индексі: 66750

ТАЗАЛЫҚ – денсаулық негізі

Көктем айының бірінші күн шуағы санитарлық тазарту жұмыстарына шығуға шақырады. Осыған байланысты аудан әкімдігінде арнайы бақылаушы топ құрылып, аудан әкімінің орынбасары Сабырбаев Амандос Ақшұлы жеке – жеке тапсырмалар берді.

Себебі, алдымызда мерекелер келе жатыр. Ал, ауыл тазалығын таң атпай бастайтын қоғамдық жұмысшылардың еңбегі ерекше.

1 наурыз - Алғыс айту күніне орай, ауыл тазалығын жастарға сабақ еткен, қаймағы бұзылмас ынтымақ пен бірліктің ерен үлгісін көрсетіп, тынбай еңбектеніп жүрген тазалық сақшыларын ешкім елемейді. Алатындары аз ғана



еңбек ақы, жасаған еңбектері бір ауылдың отымен кіріп, күлімен шыққандай осы бір қарапайым жандарға көңілге қуаныш сыйлайтын Ұлы мерекеде аудан, ауыл жұртшылығы атынан алғыс білдіреміз. Олардың ішіндегі нәзік жанды аруларды келе жатқан Халықаралық Әйелдер күнімен құттықтаймыз.

Құрметті ауыл тұрғындары! "Тазалық жинағаннан емес - шашпағаннан", - демекші ауыл тазалығы тек осы еңбек адамдарына ғана керек емес. Отырған жерлерімізді шашпай, қайта тазалыққа бір кісідей атсалысайық! Баршамыз өскелең ұрпаққа үлгі болатындай іс жасап, үйімізге, ауылымызға, Отанымызға деген сүйіспеншілігімізді көрсетейік. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», - дегендей бір кісідей сенбілікке шығайық.

Ілияс МҰСАБАЛАНОВ,
Жансүгіров ауылдық округінің әкімі.

МЕКТЕП – білім ордасы



Оқушылардың бойында білімге деген қажеттілікті сезіну, білім алу үшін өз бетінше іздену, жаңашылдыққа ұмтылу қасиеттерін тәрбиелеу сабақта ғана емес, сыныптан тыс жұмыстарда да жүзеге асырылуы керек. Осындай жұмыстың маңызды бір бағыты – пәндік онкүндік.

Онкүндіктің мақсаты - мұғалімдердің педагогикалық және кәсіби шеберлігін, құзырлығын және сабақ беру әдістемесін үздіксіз жетілдіру арқылы оқушылардың сапалы білім алуына, шығармашылық деңгейінің жоғары сатыға жетуіне ықпал ету. Қазіргі кезде сапалы және терең білімнің, іскерліктің болуын, білім алушылардың белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін және кең, әрі терең ойлауға қабілетті болуын талап етеді. Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп – гимназиясы КММ директордың оқу – ісі жөніндегі орынбасары Г.Т.Қасенованың ұйымдастыруымен өткен бастауыш пәнбірлестігінің онкүндік жоспары барысында 1 «Б» сыныбында ана тілі пәнінен «Мәтін және сөйлем» бөлімі бойынша Қарақалпақ жазушысы Әбіл Балтаның «Кітап оқудың пайдасы» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сынып жетекшісі, зерттеуші Камиева Б.К.

Сабақтың мақсаты - мұғалімнің қолдауымен сөзді дұрыс тасымалдауды, тасымалданбайтын сөздерді білу; мұғалімнің қолдауымен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру, қатені түзету. Сабақ психологиялық ахуалды қалыптастыруда өлең жолдарымен сөлемдесумен басталды. Өткен сабақты пысықтап оқушылар "Мұғалім" өлеңін мәнгерлеп оқып берді. Әр оқып болған оқушы ұстазым, ақылшым сөзіңізді тасымалдануын тақтада жазып отырды. Мұғалім оқылым, жазылым дағдысын бір мезетте қолдану арқылы оқушының сабақта бос отырып қалмауын қамтып кетті.

Оқушылардың сүйіп оқитын пәндерін сұрау арқылы кітап туралы мақал – мәтелдер айтқызып жаңа тақырыпты «Кітап ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына» - деген Әлішер Рауай атамның сөзімен ашты. Сабақтың тақырыбы, мақсаты тақтаға ілініп автордың өмірбаянымен, еңбегімен таныстырылды. Картадан туған жерін көрсету арқылы пәнаралық байланыс көрінді. Мәтін «Тізбектей оқыту» әдісі, «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы талқыланып, оқылым, айтылым дағдысы жалғасты. Балаларға сергіту жаттығуын жасатып, жазылым дағдысын көркем жазумен, жаттығулар орындаумен қамтыды. Сурет арқылы мәтін құратып функционалды сауаттылықты қалыптастырды. Ұтымды жері оқушыларды үш топқа бөліп өзара тәжірибе алмасу мақсаты бойынша сабаққа қатысып отырған мұғалімдердің көмегімен мәтін құратып, оқушылардың сөздік қоржынына мақалатүра сөзін енгізді. Қосымша тапсырма «Қар кесеңі» ойынымен жалғасып соңы «Білім қоржыны» арқылы кері байланыспен аяқталды. Мұғалім сабақты «Кітап оқымай, ой қызметін нәтижесіз өткізген күн — бекерге өмір сүрген күн. Білімнің қайнар бұлағы, сенің рухани қазынаңның қайнар бұлағы — кітап. Өз кітапханаңды құра біл. Кітапты бір оқып қанағат тұтпа, қайтадан оқы», - деген Василий Сухамлинскийдің сөзімен аяқтап, бұрыннен бастап сендерде өз кітапханаларыңды құруды бастандар деген ұсыныспен ертегі кітаптар сыйға тартты.

Сабақ өн бойына құндылықтарды дәріптеумен «Қол шапалақта», «Бас бармақ» және тақырыпқа сай дайындалған «ке-ре-мет!», «жа-рай-сың!», «ә-де-мі!» деген сөздер арқылы мадақталып отырды. Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге. Абай. Кітап маған тамақтан да қымбат. Шекспир. Кітап — әлемдегі құпиялы ұлы ғажайыптардың бірі М.Горький деген қанатты сөздерін магнитті қағазға жазып оқушыларға тоңазытқыштарына жапсырып қоюды ұсынды. Сабақ өз мақсатына жетті.

Б.ҚАМИЕВА,
Сәтбаев атындағы орта мектеп – гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі.

Ауданда туризмді дамытуға шақырамыз!

2024 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев инвестициялық ахуалды және бизнес жүргізуге, оның ішінде туризм саласындағы қажетті жағдайды жақсарту жолында үздіксіз жұмыс істеудің маңыздылығын атап өтті.

Ақсу ауданында ақын Сара Тастанбекқызының және Тәнеке батыр кесенелері бар. Сондай-ақ аудан бойынша 2 мұражай қызмет көрсетеді. Олар: Қапал ауылындағы «Ақын Сара» мұражайы, Ақсу ауылындағы І.Жансүгіров атындағы тарихи - өлкетану мұражайы.

Ауданымыздың табиғаты ерекше. Қапалда Тамшыбұлақ шипалы бұлағы, Матайда емдік көл ретінде белгілі Рай көлі бар.

Өңірдің табиғи ерекшеліктері мен жер бедерін ескере отырып туризмді дамытуға қолайлы өңір десе де болады.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып кәсіпкерлерді біздің ауданда туризмді дамыту бойынша жаңа жобаларды іске асыруға белсенді қатысуды сұраймыз.

Аудан әкімдігі тарапынан барлық қажетті мемлекеттік қолдау шаралары көрсетілетін болады.

Ғ.ЕСЖАНОВ,
аудан әкімінің орынбасары.

1 НАУРЫЗ - АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ!

ЫНТЫМАҒЫ ЖАРАСҚАН, ТУҒАН ӨЛКЕМ ҚАЗАҚСТАН!

Алғыс айту күні ең алдымен елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған Президенттің бейбітшілік пен келісім саясатының салтанатты күні.

Осыдан 30 жыл бұрын 1 наурызда Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылғанын ескерсек, Алғыс айту күнінің неліктен дәл осы күні тойланатынын түсінеміз. Тұрақтылық пен бейбітшіліктің жаршысына айналған ұйымның мерейлі белесін мерекелеу аясында республика, облыс, аудан көлемінде түрлі шаралар өткізілуде. Көктемнің алғашқы күнімен келіп, көңіл тыныштығын сыйлайтын жарқын мереке - Алғыс айту күніне арналған аудан орталығындағы «Ту алаңында» «Ынтымағы жарасқан, туған өлкем Қазақстан» атты шара ауданымызда зор салтанатпен аталып өтті.

Алғашқы құттықтау сөз Ақсу ауданы әкімінің орынбасары Сабырбаев Амандос Ақшұлына берілді.

Келесі сөз Ақсу ауданының Ардагерлер кеңесінің төрағасы Айтбаев Амангелді Айтбайұлына берілді.

Ұлтаралық татулықты нығайтуға Қазақстанда тұрып жатқан әр ұлттың өкілі келешек ұрпағымыз үшін этносаралық достықтың, конфессияаралық түсіністіктің қаймағы бұзылмауына еңбек етіп, атсалысады. Бүгінде Қазақстан Республикасының аумағы – тарихи тағдыр тоғыстырған 130-дан аса ұлттар мен ұлыстардың



ынтымағы жарасқан мекеніне арналып отыр.

Осы шарада өзге ұлт өкілдері аудан тұрғындарына жүрекжарды алғыстарын айтты.

Өзге ұлт өкілдері атынан Ақсу аудандық «Жұлдыз» Мүгедектер қоғамының төрағасы Шидаев Хизар Абуұлы бастаса, келесі кезекте бүгінде ауданымыздың мәдениеті мен әдебиетіміздің дамуына өзіндік зор үлесін қосып, республикалық, облыстық байқауларға қатысып, ауданымыздың беделін көтеріп, жетістікке жеткен жеңімпаз ұл – қыздарымыз Қапал ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Чепель Владимир Сергеевич, Қызылағаш ауылдық кітапханасының кітапханашысы, 2024 жылы жазушы Ж.Аймауытұлының 130 жылдығына орай қазақ тілін жетік меңгерген этнос өкілдері арасында өткен «Сөз

жампозы – Жүсіпбек» облыстық байқауының I орын иегері Хасанова Сацита Саидселимқызы, Мопалы ауылдық мәдениет үйінің музыкалық жетекшісі, қазақ тілін жетік меңгерген этнос өкілдері арасында өткен «Мемлекеттік тіл - ұлт тірегі» атты облыстық байқаудың жеңімпазы Мухамедгариев Нияз Салабатұлы, облыстық «Мемлекеттік тіл - достықтың алтын көпірі» атты байқауының I орын жеңімпазы Ушақова Вера Викторовналар қазақ тілінде алғыстарын ақтарып, сөз соңын Ілияс атамның, Абай атамның өлеңдерімен қорытындылады.

Мереке "М.Байсақұлы" атындағы мәдениет үйінің қызметкерлерінің концерттік бағдарламасына ұласты.

Ербол СЫМХАНОВ.

АҚСУ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

ЖОБА

Ақсу аудандық мәслихатының 2024 жылғы 14 мамырдағы «Ақсу ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы» №29-130 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ақсу аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақсу аудандық мәслихатының 2024 жылғы 14 мамырдағы «Ақсу ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы» №29-130 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №196746 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Ақсу ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Құжаттарды қарау және тұрғын үй көмегін көрсету туралы шешім қабылдау немесе көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру мерзімі Мемлекеттік корпорациядан немесе «электрондық үкімет» веб-порталынан құжаттардың толық топтамасын алған күннен бастап 6 (алты) жұмыс күнін құрайды».

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақсу аудандық мәслихатының төрағасы

Б. СҮЛЕЙМЕНОВ

РЕШЕНИЕ АКСУСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА

ПРОЕКТ

О внесении изменения в решение Аксуского районного маслихата от 14 мая 2024 года №29-130 «Об определении размера и порядка оказания жилищной помощи в Аксуском районе»

Аксуский районный маслихат РЕШИЛ:

1. Внести в решение Аксуского районного маслихата от 14 мая 2024 года №29-130 «Об определении размера и порядка оказания жилищной помощи в Аксуском районе» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под №196746) следующее изменение:

в Размере и порядке оказания жилищной помощи в Аксуском районе, утвержденных указанным решением:

пункт 8 изложить в следующей редакции:

«8. Срок рассмотрения документов и принятия решения о предоставлении жилищной помощи либо мотивированный ответ об отказе со дня принятия полного комплекта документов от Государственной корпорации, либо через веб-портал «электронного правительства» составляет 6 (шесть) рабочих дней.».

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Председатель Аксуского районного маслихата

Б. СҮЛЕЙМЕНОВ

Жетісуда мүгедек жандар үшін ғимараттарды инфрақұрылыммен қамтамасыз ету көрсеткіші 69% жетті

Жетісу облысында мүгедек жандар үшін ғимараттарды инфрақұрылыммен қамтамасыз ету 69% құрап отыр. Бұл республика бойынша бұл ең жоғарғы көрсеткіш. Осы бағыттағы жұмыс жалғасады, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық жұмыспен қамтулы үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметінше, 2022 - 2024 жылдар аралығында облыс аумағындағы 625 нысан мүгедек жандардың кіріп-шығуына бейімделген. Биыл мемлекеттік және жекеменшік мекемелердің шамамен 195 нысанын бейімдеу жоспарда бар. Мемлекеттік нысандар үшін бюджет қаржысы қарастырылған.

Сонымен қатар инвентаризация көлігінің саны соңғы екі жылда екі есеге өсті. Облыс көлемінде қазір 32 инвентаризация қызмет көрсетіп жүр. Жыл сайын мүгедектігі бар адам-



дарды қажетті техникалық құрылғылармен қамтамасыз етуге қаржы бөлінеді.

Жалпы облыс бойынша мүгедектігі бар азаматтарға арнайы әлеуметтік қызмет көрсететін 13 мекеме жұмыс істейді. Алдыңғы жылы Алакөлдің жағасындағы аудандық әкімдіктің

резиденциясы мүгедек балаларға арналған оңалту лагеріне берілді. 2023 жылы «Қамқорлық» қорымен бірлесіп, аутизм және психикалық дамуында басқа да ауытқушылығы бар балаларға арналған орталық ашылды. Талдықорған қаласында мүгедектерге арналған «Асар» сауықтыру орталығы жұмыс істейді. Оған мемлекеттік қолдау тұрақты көрсетіліп келеді. Ал, биыл облыс орталығында 150 орынды тағы бір оңалту орталығының құрылысы басталады.

Жалпы өңірде инклюзивті орта қалыптастыру жұмыстары осындай бірнеше бағыттарда жүріп жатыр.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Фотосуреттер облыс әкімі баспасөз қызметінің архивінен алынды.

ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРҒА

ҮЕҰ ДЕРЕКҚОРЫНА ЕСЕП

Құрметті әріптестер!

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап үкіметтік емес ұйымдардың қызметі туралы мәліметтерді ҮЕҰ Дерекқорына ұсынудың кезекті мерзімі басталды.

ҮЕҰ Дерекқорына мәліметтер беру мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс және мемлекеттік гранттар шеңберінде әлеуметтік бағдарламалар мен әлеуметтік жобаларды іске асыруға, сондай-ақ, ҮЕҰ үшін сыйлық алуға арналған конкурстарға қатысу үшін міндетті шарт болып табылады.

Үкіметтік емес ұйымдардың қызметі туралы мәліметтерді келесі тәсілдердің бірімен ұсына алады:

1) ҮЕҰ Дерекқорының <https://infopro.gov.kz/> интернет порталы арқылы (занды тұлғаның АҚҰК кілті болу керек);

2) уәкілетті органға қағаз және электрондық тасығыштарда (Word форматында CDдисктерде немесе USB флэшжинақтаушыларда) пошта арқылы немесе қолма-қол ұсынады (ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитеті).

ҮЕҰ Дерекқорына мәліметтерді ұсынбау, уақытылы ұсынбау және толық емес немесе көрінеу, жалған мәліметтерді ұсынғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көзделген. Ұсынудың соңғы мерзімі – 2025 жылдың 31 наурызына дейін. Барлық сұрақтар бойынша келесі телефондарға хабарласыңыз: 8 771 77 2 2746, 8-728 - 32-2-14-12 немесе aksu-ovp@mail.ru электрондық поштаға.

ҮЗДІКТЕР марапатталды



"АМАНАТ" партиясында үздіктер марапатталды.

1 наурыз – Алғыс айту күні және Партия күні қарсаңында "АМАНАТ" партиясының Жетісу облыстық филиалында «Үздік бастауыш партия ұйымы» және «Үздік қоғамдық қабылдау бөлмесі» байқауының

жеңімпаздары марапатталды.

Аталған байқаулар партиялық құрылымдардың жұмыс тиімділігін арттыру, бастауыш партия ұйымдарының рөлін күшейту және қоғамдық қабылдау бөлмелерінің белсенділігін көтеру мақсатында ұйымдастырылды. Жеңімпаз атанған ұйымдар мен

филиалдар өздерінің жоғары нәтижелерімен партияның дамуына қосқан үлестерін дәлелдеді.

Бұл марапаттар партия мүшелерінің белсенділігі мен қоғамға қызмет етуге деген ынтықсын арттыруға серпін беретіні анық.

Ауданымызда "АМАНАТ" партиялық билеттер мен "Алғыс хаттар" табыстау рәсімі өтті

"АМАНАТ" партиясы Ақсу аудандық филиалында 1 наурыз Партия күніне орай салтанатты түрде партиялық билеттер мен "Алғыс хаттар" табыстау рәсімі өтті.

Іс-шараға бастауыш партия ұйымдарының төрағалары және партия белсенділері қатысты.

Шара барысында партия қатарына жаңадан қосылған белсенді азаматтарға партиялық билеттер табысталды. Сонымен қатар, партияның мақсаттарына жету жолында аянбай еңбек етіп келе жатқан белсенді партия мүшелері "Алғыс хаттармен" марапатталды.

Жангүл ЕРБОЛАТҚЫЗЫ,
аудандық партия филиалының консультанты.



ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН ЖҮРГІЗУ ҮШІН УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ (ЖАЛҒА АЛУ) ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ ЖАРИЯЛАНҒАН КОНКУРС ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Жетісу облысы, Ақсу ауданының "Ақсу өңірі" газетінің 2025 жылдың 17 қаңтарындағы №2 санында жарияланған Егінсу ауылдық округі бойынша №5 және №6 лот ойнатылмайтындығын хабарлаймыз, себебі, ауылдағы халықтың мал жайылатын жеріне қабаттасуына байланысты (қызыл сызық).

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ.

ОБЪЯВЛЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ КОНКУРСА НА ПРЕДОСТАВЛЕНИЕ ПРАВА ВРЕМЕННОГО ВОЗМЕЗДНОГО ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЯ (АРЕНДЫ) ДЛЯ ВЕДЕНИЯ КРЕСТЬЯНСКОГО ИЛИ ФЕРМЕРСКОГО ХОЗЯЙСТВА

Сообщаем, что лоты №5 и №6 по Егінсукому сельскому округу, опубликованные в газете «Ақсу өңірі» Аксуского района Жетысуской области в выпуске №2 от 17 января 2025 года, не будут разыграны, так как они пересекаются с пастбищами местного населения (красная линия).

ОТДЕЛ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА И ЗЕМЕЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ АКСУСКОГО РАЙОНА.

Құмай тазылар байқауы

Қазақ дәстүрлі тарихында аңшылықтың бір түрі ретінде тазы иттерімен аң аулауды айрықша бағаланған. Сондықтан қазақтардың "Ит жақсысы — тазы" деп әспеттеуі бекер айтылмаса керек.

Бүгінгі күні ұлтымыздың ұмытылып бара жатқан дәстүрлі мәдени құндылықтары қолға алынып, ел арасында насихаттау жұмыстары жақсы жүргізіліп жатыр. Жақында Есеболатов аулында Есеболатов ауылының азаматы, қазіргі Жансүгіров ауылдық округінің әкімі Ілияс Мұсабаламов пен ауылдағы ұлттық спорт ойындарын ұйымдастырушы Жантайлақов Айдын Асқарұлының ұйымдастыруымен, аудандағы тазы жанашырларының демеушілігімен «Құмай тазылар» байқауы өтті. Кілең тазылар сынға түсетін байқау биыл ауданымыз бойынша тұңғыш рет өтіп отыр.

Шараның көздегені – қазақтың саятшылық дәстүрі мен аңшы иттерді насихаттау. Сондай-ақ, қолда бар тазы мен төбеттің өсіп-өнуін қадағалау.

Таза тазыны анықтау үшін аталмыш шараға арнайы сарапшылар шақырылған. Олар иттердің құлағы мен мойнының ұзындығын, тіпті көзінің орналасуына дейін өлшейді. Стандартқа сай болса ғана, оларға тазы деген төлқұжат беріледі. Қазақ асыраған текті тазының болмыс - бітімі сидаң, жүні сұйық, танауы үшкіл, делден құлақты, жоны дөңестеу келеді.

Әрбір итті осылай қарап шыққан сарапшылар бағасын беріп жатты.



Сонымен байқауға келген ересек тазылар мен күшік тазылардың көрмесі мен сарапшылардың байқауы бойынша I орынды егінсулық Айдос серінің тазысы, II орын алған Кеңғарын ауылынан Ахметов Мұраттың тазысы, III орынды жерлесіміз Ерғалидың күшігі иеленді.

Тазылар көрмесінен кейін жиналған көпшілік арнайы дайындалған астан ауыз тиіп, суық күнде ыстық шай ішіп бойларын жылытты. Асты ұйымдастырған Есеболатов ауылының азаматтары.

Байқауға келген 50-ге тарта иттің жас ерекшеліктеріне қарай ересек тазыларды еркегін бір бөлек, ұрғашы иттерді бір бөлек шырғаға салды. Әр айналымда жарыс жолындағы 5 тазының ішіндегі жүйрігі ақтық сынға іріктеліп отырды. Бөлінген 2 топтан алға суырылып шыққан тазылардың алғашқы үштігі ақшалай сыйлыққа ие болды.

Шарғы тартудан I орынды иеленген Жансүгіров ауылынан Гүлайым Оралованың «Көксерек» атты тазысы болса, II орында Еңбек ауылынан Қайрат Сағымбековтың «Лашын» атты тазысы жүгіріп өтті. Бірақ осы екі тазыны да жарысқа алып барып, баптап, аңшылыққа үйретіп жүрген осы Қайрат Сағымбеков. Сөйтіп, ауданымызда алғаш рет ұйымдастырылған құмай тазылар сайысы тартысты өтті.

Ербол ӘБДІКӘРІМҰЛЫ.

ӨЗ ЖАРЫҢДЫ ЖАТТАЙ КҮТ, ЖАТ КӨРСІН ДЕ ТҮҢІЛСІН

Жар атану, ана болу кемелденген бір асу. Бұлқтардың өзен болып, көл, теңізге ұласу. Бейбіт күннің батырлары сендерсіндер қыздарым, Мерекемен құттықтап, ұсынамын жыр шашу. Өткенді еске түсіріп, болашақты болжау өмір заңы ғой. Еліміздің терең тарихына көз жүгіртсек, қазақ байырмалдығымен, батырлығымен ерекшеленетіні елге аян.

Сонымен бірге қазақ қыздарының ана болумен қатар, ерiне серiк, елге билiк еткен, батырлармен үзеңгі қағысқан ержүрек қасиеттері бар екендігі белгілі.

Батырлар жырындағы Ақжүніс, Құртқа, алғырлығымен, ақылды да батылдығымен ел атын шығарған Бiкен ана (Бөрiбай батырдың жары, кейiннен одан тараған ұрпақтар осы Бiкен ана атымен аталған), ақылды Қарашаш, Қарлыға, Қабанбай батырдың қасына ерген Гауһар қыз мейiрбандықтарымен, түйiн шашар шешендіктерімен, Әлия мен Мәншүк Ұлы Отан соғысында ерліктеріме, қайрат – жігер батыл да батырлықтарымен тарихта мәңгі қалғандарын білеміз.

Осы аталған ару – қыз, аналардың ақылмен, ерлікпен өрiлген өмірлері туралы әдеби шығармаларды оқып, бейнелерін кинодан көріп, біздер және кейiнгі ұрпақ бойымызға қуат оятып, өмірге, Отанға деген шексiз сүйiспеншiлiкпен өмір сүруді мақсат етiп өстiк, өмір сүрдік.

Қазiргі бұраланы көп өтпелi кезеңде елге, ерлерге тiрек боларлық қыздарымыздың көп болғанын қалар едік. Өмірдің әр салалы тіршілігінде тәуелсiз еліміздің бейбіт туы астында халқымыздың қажеттілігін өтеуге үлес қосып жүрген қыздарымыз көп – ақ.

Батыр да ақылды, дара, дана апайларымыздың жолын жалғап, еселі өңбектерімен, тынымсыз ізденіспен ел құрметіне бөленіп, ерлерімен қатар жүріп, үзеңгі теңестіріп, аяулы ана, асыл жар, үздік еңбеккер атанған қыздар саны жыл санап артып келе жатқаны қуанарлық жайт.

қиналғанда қамқоршы адал жары. Ұлы Өділет Тұрар Рысқұлов атындағы экономикалық университетті бітіріп, Алматы қаласында халық банкте қызметте. Жарқыны Өл – Фараби атындағы қазақ ұлттық университетін тамамдаған, ВІ GROUP компаниясында геодезист. Зере қызы Өл – Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің ІV курс үздік студенті.

Ыңғайы келгенде Нұргелдіндер жанұясын жақсы білетін бір ақсақалдан Ғалия Қанашқызы туралы сұрағанымда: – Жар сүйген жастардың жары осы Ғалиядай болсын, азаматын құрметтей білетін, балаларын баптап, өмірге, білімге талпындыра білген білікті ана, беделді қызметкер – деп, мақтауын тоқтата алмай, ойын айтып тауыса алмады.

Қашанда ізетті, мәдениетті, Ғалияны өріптестері құрметтейді, достары сыйлайды.

ШОЛПАН СЕРІКҚЫЗЫ

Балалық шағымызды есімізге түсірсек, тіпті қазіргі балалардың өздері де қараңғы түнде далаға шыға қалса аспанға көз жүгіртіп, жұлдызды өлемнен «Шолпан» жұлдызын іздеп:

– Әке, айтшы, көрсетші Шолпан жұлдызы қайда? – деген сұрақтар қойып, көзбен көре таба алса мәз болып: – Өне шолпан жұлдызы – деп қуанып жатады.

Халық санасында жеті қарақшы, шолпан жұлдызы туралы ерекше жағымды ұғым қалыптасты.

Ертегі, әңгімелер осы жұлдыздар туралы, олардың ерекшелігі туралы бала, тіпті үлкендердің де жан дүниесін ерекше сезімге бөлейтіндей күйге түсіретін етіп қызықты құрастырған.

Әрине, бұл жайдан жай емес. демек, жұлдыздардың құпия қасиеттері баршылық екені шындық.

Сондықтан да болар 1960 – 2000 жылға дейін, тіпті қазір де ата – ана өыз туса Шолпан қойғандары әдетке айналды.

Әр ата – ана өмірге әкелген ұрпағының бақытты, өскелең өмірде өршіл болғанын қалайды, ырымдайды. Бұл заңдылық!

Жанғазыұлы Мәжит (Сағат) Шолпанды келін етіп түсіргенде Суықсай ауылы дүр сілкіндіп:

– Келіннің аты Шолпан екен, жақсылық қой, – дескенін, қарттардың қуанғанын білеміз.

Шаймерденова Шолпан Серікқызы Қарағанды облысының тумасы. «Ақмола медицина училищесін» мейірикке ісі мамандығы бойынша бітірген, білікті маман.

Аудан орталығындағы аудандық ауруханада учаскелік емхананың аға мейірикесі болып қызмет атқарады.

Шолпан өзінің ашық – жарқын, жұғымды, кішіпейіл мінезімен емге келген әр адамның тілін лезде тауып алады. Дәрігерлерге қажетті қасиеттің ең негізгісі де осы емес пе? Білікті де, білімді маман екендігін өмірде дәлелдей білген медбике.

Орталық аурухананың емдеу бөлімінде қызмет етіп, бала күтімімен демалыса кеткен кезде, науқастанған жандар «Шолпан мейірикке қашан жұмысқа шығады?» - деп асыға күтетін еді. халық қалаулысы болу деген осы емес пе.

Қолы епті, емі шипалы Шолпан еңбегі бағаланып, аудан әкімінің мақтау қағаздарымен, ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесіне орай Құрмет Грамотасымен, 2024 жылы тағы да аудандық, облыстық кәсіподақ ұйымының Құрмет Грамотасымен марапатталды.

Ш баланың анасы, әже атанған Шолпанның қуанышында шек жоқ.

Тандап сүйген Мәжиті жоғарғы білімді, түсінігі мол, Отан игілігі үшін еңбек етіп жүрген қабілетті де, қажырлы азамат. Жансүгіров ауылдық округі әкімінің орынбасары.

Күн – түн демей ауылды көркейтуді, тұрғындардың жағдайын жақсарту мақсатында еңбек етіп жүрген басшылардың бірі десек те болады.

Ұлы Мадияр Астана қаласындағы қаржы академиясын бітірген, жоғарғы білімді, ЖШҚ иесі, жеке кәсіпкер. Мал дәрігерлік дәріхана, автокөлік жуу орнын ашып, халыққа қызмет көрсетіп отыр.

2021 жылы жас кәсіпкер ретінде «Жыл үздігі» номинациясының иегері. Келіні Арайлым жоғарғы білімді, қаржыгер мамандығын игерген, үш баланың анасы.

Қызы Үміт М.С.Нәрікбаев атындағы қазақ гуманитарлық – заң университетінің қаржы саласын бітірген. Бүгінде Алматы облысы әлеуметтік – кәсіпкерлік корпорациясында менеджер.

Мадина Жетісу университетінің 2 курс студенті. Шолпан мен Мәжиттің өздері сияқты балалары да, келіні де білімге құштар, еңбекке икемді.

Бір сөзбен айтқанда өскелең өмір талабын жете түсінген, ынтымақтары жарасқан, бірліктері берік жанұя.

Ата – анасы Шолпан деп ат қойғанда «Жұлдыздай жарқырасын» - деген ырымдары дұрыс болды, армандары орындалды.

Шолпан Серікқызы замандастарының, өріптестерінің, жерлестерінің арасында – жұлдыздай жарқыраған адал жар, асыл ана, сүйікті әже.

АЙГҮЛ ОРАЛБЕКҚЫЗЫ

Кеңес үкіметі құлап, елде тоқырау басталып, совхоздар, ұжымдар тарап, тіршілік түсінісіз бір күйге түскенін ұмыту мүмкін емес еді.

Білім саласында методикалық кабинет жабылып (қаржының жетіспеушілігінен), әсіресе, жас ұстаздарға қиындық туы.

Осы бір жайсыздықтан, уақытша қиындықтан құтылудың жолын іздегіп, білім бөлімі қызметкері Ғалия Кеңсабақызы екеуміз «Озат тәжірибе» мектебін ашуды жөн көрдік.



Түрлі тақырыптарға арналған класс, тәрбие сағаттары, ашық сабақтар сабақ барысында да сол кездегі өмір қалпына сай тәрбие минуттары енгізілді. Иә бұл ғажап өзгеріс еді!

1998 жыл, қараша айы. Мектепте бастауыш класс апталығы «Кім боламын?» тақырыбында өтіп жатқан.

Оқушыларға мұғалім: Келешекте кім болғың келеді? Ойланып келіндер – деп бір апта бұрын тапсырма берген екен.

Шармен, гүл, түрлі мамандық туралы суреттер, жазулар жазылып көркемделген I - қабат коридоры, класс іші.

Мәжелі класс сағаты музыкамен мұғалімнің кіріспе сөзімен басталып та кетті.

Оқушылар көңілді, тапқақтарын айтып, түрлі мамандық иелері сөз сөйлеп, әр мамандықтың қажеттілігін айтып жатыр.

Кенет тапқақ айту кезегі келген сүйкімді, қарақат көз бүлдіршін қыз сахнаға шығып, жаттаған үзіндісін айтып бола салып, сәл үнсіз тұрып:

– Мен өлі кім боламын білмей тұрмын, – деп жанып тұрған электр жарығын саусағымен көрсетіп: «Иә таптым» - деп бір секіріп, «Мен свет жағамын, свет жағатын, жасайтын бастық боламын» - дегені көріп, қызықтап отырған көрермен қауымды дүр сілкіндірді, күлдіргені есімде.

Осы балғын балауса бүлдіршін Оралбекқызы Айгүл еді.

Арманы орындалып, Айгүл Алматы энергетика және байланыс университетін бітіріпті.

Сол сәтте, «Айгүл бүлдіршін қыздың ауызына Алла салды ма? Әлде арманы орындалды ма екен?» - деген ойға қаласың.

Екі жағдай, екі ой да іске асыпты. Бұл ғажап қой! Бүгінде Айгүл Оралбекқызы ТАТЭЕК АҚ – ның электр қуатын жабдықтау және сату филиалында қызметкер.

Көп балалы ана, 4 баласы Сәтбаев атындағы орта мектеп – гимназиясында оқу озаттары, кенжесі Алихан ғана балабақшада.

Баламен декреттік демалыста отырғанның өзінде шағын кәсіп ашып, тіршіліктің жаңа бір баспалдағын ізестіріп, онлайн оқып, білімін жетілдірді.

Бала тәрбиесін, оқуын отағасы Ілияс Сөбитұлымен бірге қарастырып, жаня жағдайында бірге ойластырады. «Бірге көтерген жүк жеңіл» - деген осы ғой.

Отағасының да, балаларының да, туған – туыс, қайын жұртының да бабын тауып, мүмкіншілігінше сүйіспеншілік пен қайырымдылығын аяған емес.

Жан жолдасының жұмысының мазасыз, ауырлығын ұғына білген Айгүл әркез ойымен де, жанымен де қасында бірге болуды әдетке айналдырған.

Ілияс Сөбитұлы да Айгүлінен қамқорлығын аямей, жар махаббатына белеген азамат.

Сондықтан да шығар Айгүл Оралбекқызының күннен – күнге гүлдей жайнап, өскелең өмірге ұмтылуы. Жаня бақыты деген осы шығар!

АИДА МЕЙРАМҚЫЗИ

Ұстаз деген сөзде қаншама мән – мағына жатыр десеңші.

Иә, ол адам өміріндегі ең қымбат аяулы, қадірлі жандардың бірі.

Өйткені, ол оның көкірек көзін ашып, дүниетанымын кеңейтіп, қияға қанат қақтырады.

Сондықтан да болар небір дарынды ойшылдар да, көк төсін шарлаған ғарышкерлер де, жүрек жұтқан батырлар да, адам жанына арашасы ақ халатты дәрігерлер де, қарапайым егінші мен малшы да ұстазды пір тұтады, есіне мәңгі сақтайды, қадірлейді.



Ұстаз... ол ең алдымен – елдің алдыңғы қатарда дамуын қамтамасыз ететін іргетас. Себебі ұстаз зияткерлік капиталды қалыптастыратын бірден бір жан, қызметкер.

Ұстаздарды айтамыз біз ән қылып, Есімізден кетпейді ғой жаңғырып.

Ұстаз деген – бар әлемнің анасы, Ұмытылмас санамыздан мәңгілік – деп, шәкірттеріміз жан дүниесіне шуақ түсіріп, жанына білім дөнін сеуіп, аялаған, өмір атты шексіз ғаламға топшасын қайытып ұшырған ұстаздарына жыр арнап құрметтесе, ұстаз туралы Мұхтар Әуезов: «Ұстаз – ұлы есім» - деген еді. осы ұлы есімді абыроймен атқарған, атқарып жүрген ұстаздарымыз қаншама!

Қалаған мамандығының қиындығы мен қызығына тоятмай ізденіп, шығармашылық табыстарға жетуді, шәкірттеріне сапалы білім беруді көздеген ұстаздардың бірі де, бірегейі Аида Мейрамқызы Альбонова.

Қазақ Мемлекеттік Қыздар педагогикалық университетінің түлегі.

Универсалық шағынан армандаған мамандығы география пәнінің мұғалімі факультетін қызыл

дипломға тамамдаған Аида Мейрамқызы Талдықорған қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінде, тұрмысқа шыққан соң Жансүгіров ауылындағы Ж.Сыдықов атындағы орта мектебінде ұстаздық қызметте.

Біліктілік санаты – педагог сарапшы. Еңбек десе ерінбейтін Аида Мейрамқызы шәкірттерінің сүйіктісі, құрметтісі, аяулысы. Ата – аналарға сыйлы!

Шәкірттерін аудандық, облыстық «Зерде», «Дарын» жобаларына, түрлі байқау, фестивалдарға, олимпиадаларға қатыстырып, үнемі жүлделі орындарға ие болуды әдетке айналдырған ұстаз.

Өршіл де, әже, өткір, қиындыққа қарсы жүретін, ізденуден, талпынудан таймайтын ұстаздың болашағы кең, биіктікке самғар қасиетін неге айтпақша.

Үш баласының әкесі Данияр Тұрғанбекұлының қызметте сатылай жоғарылағанына, жетістіктерге жетуіне ықпал етіп, жан дүниесімен жаңуыла жағдайын жасап отырғанын сүйіспеншілікке бөлей отырып өмірге, еңбекке, қызметке деген құлшынысын арттыруға үлесін қоса білуінің өзі – кез - келгенде бола бермейтін, сирек кездесетін қасиет.

Атап айтқанда, Данияр Тұрғанбекұлы мұғалім, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, мектеп директоры қызметтерін атқарды, атқаруда.

Сонымен қатар халық қалауымен Жетісу облыстық мәслихат депутаты. Республикамызда, облысымызда өтіп жатқан түрлі конференциялар, дңгелек үстел, фестивалдарда аудан, облыс мерейін үстем етіп, жоғары деңгейдегі марапаттауларға ие.

Иә, азаматының алаңсыз қызмет етуіне мүмкіндік туғызған аяулы ана, асыл жар, қайырымды да мейірімді келін, ұстаз ретінде достары – қатарластарына үлгі.

ГҮЛЗАТ СЕПБОСЫНҚЫЗИ

Ұстаздың шет тілін үйреткен тереңнен, Альгсына шәкірттердің бөленген. Көп балалы ана, аяулы жарсың,

«Супер ұстазсың» қызметің ауыр дегенмен – деген елесте шұмағын немересі ағылшын тілі пәнінен облыстық олимпиада жүлдегері атанған Олжас Қария Гүлзат Сепбосынқызы Әмірсеріковаға арнапты.



Заман талабына сай бірнеше тілді меңгерген (ағылшын, француз, қытай, орыс) Сепбосынқызы Қарасу негізгі мектебінде шет тілі мұғалімі.

Шет тілін шәкірттерге меңгерту, оны терең де сапалы ұялату, пәнге деген қызығушылығын оята білудің өзі ерекше табандылықты, ұстамдылықты талап ететін қасиет ғой!

Осы мамандықты армандап, арманына қол жеткізген Гүлзат ұстаз өзінің пәнге деген сүйіспеншілігін шәкірттеріне де ұялата білген. Шәкірттерінің 80% - пәнге деген құштарлықтары басым, мектепте, аудан, облыс деңгейінде өтетін пән байқауларында олимпиадаларға қатысып, бақтарын сынсыз, түрлі марапаттауларға ие болып жүр.

Гүлзат Сепбосынқызы үш ұл, бір қыз тәрбиелеп отырған ана. Балалары оқу озаты.

Жолдасы Есболатов Ұлан Әлібекұлы ветеринариялық дәрігер. Жоғарғы білімді, Қазақ ұлттық аграрлық университетін тамамдаған.

Ауданымыздың Ойтоған, Ақсу, Арасан сияқты ауылдық округтерінде ветеринариялық пункт меңгершісі, аудандық ветеринариялық станциясы директорының орынбасары, директоры болып аудандағы мал шаруашылығының шығынсыз өсіп, өнуіне ықпалын тигізіп, ел байлығының артуына үлес қосып жүрген азамат. Қазіргі таңда Жансүгір ауылдық округінің ветеринариялық пункт меңгерушісі.

Жолдасы Ұланның жұмысының ауыр да, қиындығын, көбінесе сыртта малды ауылда болатындығын мойындап, бала тәрбиесімен, үй тіршілігімен айналысуды әдетке айналдырған.

Бір – біріне сенімді серік бола білген Ұлан мен Гүлзат ынтымағы жарасқан, бақытты жанұя.

«Жарының жанын түсінген, жақсылыққа бастайды», - деген тізбек осындай жанұялардың өмір негізін алынғаны шындық шығар. Ылайым жанұя бақыты жалғаса берсін!

АЙНАЛАЙЫН КЕЛІНДЕРІМ, ҚЫЗДАРЫМ!

«Ата – бәйтерек, ана – ағынды көл, бала – жағадағы жапырақ» - деген нақыл сөз тегінен айтылмағаны анық. Әмірдің талай өзегінен ғасырлар бойы шындалып өткен өзекті сөз ғой. Осы үшеуі де ата – ана, бала аман болса, бір – біріне демеу, қорған болса, ынтымақты өмір жалғасса – шаңырақ бақыты деген осы емес пе?

Өз жарыңды жаттай құт, Жат көрсін де түңілісін.

Бір – бірінді қадір тұт, Жұрт үлгі алсын, үңілісін.

Иә, аты аталған шаңырақ аналары – жастар ылайым сіздерден үлгі алсын, осы жақсылық дәстүр мәңгі жалғасын дегім келеді.

Аяулы ана, адал жарысың – еңбек еттің ел үшін, Сондықтан да ауылдасың құрметтейді сені шын.

Жанұяңа ұйытқы болып әрқашан, Көре бергін бақытты өмір жемісін. Әмнм! Мейрамдарың құтты болсын, шаңырақтарыңа биіктік, дендеріңе саулық тілеймін.

Ақ жаулықты ана Закира НҰРЫШҚЫЗИ, ҚР Оқу ісі үздігі, «Ы.Алтынсарин» төсбелгі иегері, ардагер - ұстаз, Ақсу ауданының «Құрметті азаматы».

ДАНИША (ДИНА) МҰХТАРБЕКҚЫЗИ

Қобыланды батыр жырында: Үйдемсің қыз Құртқа, Түземсің қыз Құртқа. Әйел болдың амап жоқ, Егер еркек болғанда –

Болар ең тұтқа бір жұртқа – дегендей 1982 жылы Талдықорған қаласындағы зооветтехникумын қызыл дипломға тамамдап, ветеринар, фельдшер мамандығын игерген Саттыбаева Даниша (Дина) Мұхтарбекқызы Тоғызбаев Әмірғазыға тұрмысқа шығып, өмірге үш ұл, бір қыз әкелді.

Ерiне сүйеу, қиналғанда демеу бола білген Дина жан жары Өменмен «Ащыбұлақ» жеке шаруа қожалығын құрды. Шаруашылық 900-ға жерге дәнді дақылдар себумен бірге, мал шаруашылығымен айналысады.

Үй тіршілігіне де, бала бағып өсіруге де, шаруашылықтың бар қиыншылығы мол жұмыстарына да азаматымен бірге қатысып, жаня бақытын тауып отыр.

Егін егу, жинау, мал төлдету сияқты күрделі де қиындығы мол кезеңдерде барлық бала – шаға, немерелер ауылға келіп, қолғабыс жасап жататынының өзі бір ғанибет.

Ынтымағы жарасқан жаня ауылдастарына, жерлестеріне үлгі боларлықтай, барлық жақсы қасиеттерді игерген.

Әмірғазының ауылшаруашылығына қосқан үлесі үшін ел Президентінің қолынан алған «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісі мен, есімінің ауданның «Құрмет кітабына» енуіне Данишаның (Дина) еңбегі зор.

ҒАЛИЯ ҚАНАШҚЫЗИ

Есімде 2000 жылдың маусым айы. Демалыс күні. Көккөмей жер теліміне себілген көкөністерді шөптеуге, түптеуге барған едік.

Біреп сағаттан соң Алтынырқтың жағасына «Нива» автокөлігі тоқтап, 3 – 4 азамат, 1 қыз түсті.

Қыз қолында су өлшейтін аппараты бар, дереу іске кірісіп, жанындағы азаматтарға әлдене цифрларды айтып, есептеп түсіндіріп жатты.

Ширақ, сөздері мығым, өзіне сенімді қыздың түсіндірмесін мұқият тыңдаған азаматтар, ризашылық, келіскендік белгісін білдіргендей бастарын іздей береді.

Мына көріністің кейіпкерінің кім екендігін жолдасымынан сұрап едім. Ол: «Қаракемер совхозының бас бухгалтері болған Нұргелдиннің келіні. Әділмұраттың жолдасы. Әділмұрат та, келіні Ғалия да Жамбыл гидромелиоративтік - құрылыс институтын бітірген. Ауданның суландыру бөлімінің жетекші маманы» - деп сырттай таныстырды.

Сөйтіп, Ғалия Қанашқызымен менің алғашқы таныстығым осылай болды.

Нұргелдинна Ғалия Қанашқызы бүгінгі күні инженер гидрометр лауазымында қызмет етеді. Өз ісінің шебері, білікті маман. Суландыру жүісіндегі жұмыс талаптары мен өдіс - тәсілдерін жастарға үйретуден жалықпаған жан.

2022 жылы «Су шаруашылығы үздігі» медалімен марапатталған. Қызметте беделді, жолдасы Әділмұрат екеуі екі ұл, бір қыз тәрбиелеп өсіріп отыр.

● МӘКЕЙ ЕРКІНБЕКОВТИҢ ТУҒАНЫНА - 130 ЖЫЛ!

ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ҰСТАЗЫ

Биыл ұлтымыздың ұлы ұстазы атанған Қазақ ССР-на еңбегі сіңген мұғалім, Талдықорған уезінің білім бөлімінің басшысы, Қарасу балалар үйінің директоры – Мәкей Еркінбековтың туғанына 130 жыл!

Осы мерекелік датаға байланысты Ақсу ауылындағы І.Жансүгіров атындағы тарихи өлкетану музейінде жаңа экспозиция ашылды.

Ұлы ұстаздың 130 жылдығына орай мектеп оқушыларының қатысуымен «Ұлттың ұлы ұстазы» атты тақырыпта танымдық сағат ұйымдастырылды.

Бүгінгі жастар Мәкей атамның – Қазақ ССР-на еңбегі сіңген мұғалім, Талдықорған уезінің білім бөлімінің басшысы, Қарасу балалар үйінің директоры болғанын ғана оқып, естіп біліп жүрсе, ұстаздың 125 жылдығында ауданымызға танымал тарихшы, ізденуші Жемісбек Толымбековтың жазған тың деректерін архивтен тауып, қайта жаңғырттық. Ол жерде ұстаздың тек білім саласына қызмет етпей, ол кісінің ақын, жазушы болғаны да анық айтылыпты.

ка, геометрия, география, астрономия. Астрономияда тек календарь білуді ғана ұғынған», - деп жазады.

Мәкей Еркінбеков тізген сөздікте «А» әріпінен басталған сөздер тізімі алфавит бойынша тізіліп, «Я» әріпімен аяқталады. Сан түрлі тақырыптық топқа бөлген. 2042 – орысша-қазақша сөздер, 575 – орысша сөз мағыналы түсіндірмесімен, 11 - сөйлем түсініктермен жазылған. Мақал-мәтелдер саны – 86. Мысалы, «Ғылымды Қытайдан болса да іздеңіздер». «Кімде-кім ғылым іздеп жолға шықса, Құдай Тағала оған бейістің есігін ашады». «Бейіс соғыста мерт болған шаһиттерді қалай күтсе, қалам иелерін де солай күтеді». «Адамды ажарлайтын нәрсенің ең үлкені – білім». «Балаларыңызды жазумен ажарлаңыздар».

Дүниенің тіреуі төртеу:

1. Данышпандардың ғылымы.
2. Ұлылардың әділеті.
3. Ізгілердің дұғасы.
4. Батырлардың жанқиярлығы.

Мәдениет дәрежесіне қарай орта ғасырда Қытайдың берген бағасы: «1.



Сонымен, Мәкей Еркінбеков бар - жоғы 7 класс бітіргенімен араб, латын, кириллицаны еркін меңгерген Қазақстан мектептеріне еңбегі сіңген мұғалім. Проза, өлеңдер жаза жүріп, өлеңмен хат жазып, айтысқан да екен. Дүние танымы, білімге деген құмарлығы ұланғайыр. Ұқыптап жазып, артына мұра қылып қалдырғандарының өзі керемет қажетті дүниелер. Біразына назар қойсақ, – дейді белгілі тарихшы Жемісбек Толымбеков.

МӘКЕЙ ЕРКІНБЕКОВ - СӨЗДІГІ

Жемісбек ағамыздың айтуы бойынша Еркінбеков Мәкейдің орысша - қазақша сөздік қолжазбасы мұрағатта сақталған екен. Сөздік - тіл түсінетін ұғым, қазына. Кеңес дәуірінен қазақ елі кириллица әріпін қолданғандықтан, орысша - қазақша сөздіктер тапшы болғаны анық. Оқу құралдары, сөздіктер жетіспеушілігіне байланысты қажеттіліктен туған бұл сөздіктің кириллицаға көшіріліп, заман талабына сай жинақталғаны сауатсыздықты жою мәселесі. Оқушылардың ойлау қабілетін өркендетіп арттыруға арнаған. Бұрынғы сауат ашу туралы Мәкей Еркінбеков: «Мектептер көбіне дін басылардың қарамағында болды. Оқу ісі араб немесе латын әріпімен оқытылды. Сондықтан оқу ісі өте қиынға соқты. Оқушыларды сабаққа ынталандырудың бірден-бір әдісі таяқ - шыбық болды. «Шыбық астында» деген сөз өршіген. Мағынасы: «мектепте оқу» дегендік. Оқушыларға намаз оқытып, одан Забурдан дұға жаттататын. Одан жазу үйрететін. Бұл оқытудың бірінші басқышы. Екінші басқышы ерікті «жеті мәдениет» деп аталады. Олар: грамматика, риторика, диалектика, арифметика,

Қытайда - екі көз бар. 2. Арабта – бір көз. 3. Европада – көз жоқ, соқыр», - деп жазған. Барлығы қолжазба үлкен дәптердің 150 бетін құрайды.

Зат есім мен етістіктен тұратын сөздер мен сөйлемдер де келтірілген. Сөздік тұрмыстың әр саласын қамти отырып, өмірде жиі қолданылатын сөздер түсінігі тұсына жазылған. Мысалы: «Тариқат» сөзі – арабшадан, мағынасы: «ержету жолы». «Ақиқат» сөзі – арабшадан, мағынасы: «өбден ержеткен кез». Өмірден өткен ата-ананы еске түсіргенде: «Тариқаттан өткізген, ақиқатқа жеткізген», - деген сөз содан қалған», - деп жазады.

Жиі қолданылатын әмбе жаңадан енгізілген және сирек қолданылатын сөздердің мағынасы тартымды түсіндірілген.


Уақыт, мезгіл, мөлшерге байланысты ұғымдарға, бөлек бөліммен жылқы малының 21 түсін, құс атауларының 58 түрін орыс тілінде тәржімесімен жасаған. Әр елдің мақал-мәтелдерін қазақшаға аударып жазған. Екі түрлі, не үш түрлі мағыналы сөздердің әрқайсысын жеке - жеке сұрыптаған екен.

Орысша - қазақша сөздікті құрастырудағы Мәкей Еркінбековтың еңбегі орасан. Мәкей Еркінбековтың қолжазба сөздігі тапшылық заматында жиі қолданылған қазақ сөздігінің мол мұрасы. Мәкей Еркінбеков сөздігі – шыннайы тарихи ескерткіш, - ағамыз.

Міне, осы деректердің өзі оқушыларға Мәкей аталарын тануға көп септігін тигізгені анық.

Ардақ ҚҰМАРОВА,
І.Жансүгіров атындағы тарихи өлкетану музейінің директоры.

● ИЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИННИҢ ТУҒАНЫНА - 110 ЖЫЛ!



ҚАРА СӨЗДІҢ ХАС ШЕБЕРІ

Қаңтар айының 10 жұлдызында Сағабүйен ауылдық кітапханасында қазақтың атақты жазушысы, тарихи романшы, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты – "Илияс Есенберлиннің туғанына - 110 жыл!" толуына орай тақырыптық кеш өтті.

Шараға Т.Тоқтаров атындағы орта мектебінің жоғары сынып оқушылары мен кітапхана оқырмандары және Рахым Тәжібаев атындағы мәдениет үйі қызметкерлері қатынасты.

Шараны ұйымдастырушы кітапхана қызметкерлері ең көп роман жазған жазушы, қара сөздің хас шебері Илияс Есенберлиннің өмірбаяны мен шығармашылығы жайлы таныстырды.

